

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

29 наурыз 2018 жыл

KASE 2018 жылы "KASE Talks" ашық лекциялар циклын іске қосады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа, KASE) 2018 жылы өз 25-жылдығына орай Алматы қаласында Қазақстанның қаржы нарығы туралы KASE ашық лекциялары ("KASE Talks") циклын өткізуді жоспарлады.

KASE ашық лекцияларының циклы, Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін және қаржы нарығын құруға елеулі үлесін қосқан, белгілі қазақстандық қаржыгерлердің қатысуымен өтеді.

KASE ашық лекцияларының циклының мақсаты – ауқымды аудиторияны республиканың қаржы нарығының қалыптасуы және оның дамуына ықпал ететін негізгі факторлар туралы ақпараттандырылуына арттыру болып табылады. Осы іс-шараның мақсаты – Қазақстанның қаржы нарығын танымалдылығын әрі қарай арттыру, сондай-ақ Биржаның қызметі мен жалпы қаржы нарығының ахуалы туралы мәлімет беру.

Ашық лекциялардың циклы – өткеннен игі тәжірибе, бүгінге объективті көзқарас және болашаққа перспективалар. Лекциялар барысында Қазақстанның ақша-несие және валюталық жүйелерінің қалыптасуы мен дамуы, банктік сектордағы реформалар, еліміздің биржалық нарығының қалыптасуы, зейнетақылық және сақтандыру жүйелерінің қалыптасуы, брокерлік қызметтің дамуы сияқты тақырыптарға тоқталады.

KASE ашық лекцияларының циклы тыңдаушылардың шектелмеген санына – қаржы нарығының қызметкерлеріне, студенттерге, БАҚ өкілдеріне арналған.

KASE лекцияларына баршаға есік ашық. Іс-шараның алдын ала кестесі Биржаның сайтында www.kase.kz жарияланады.

1993 жылы құрылған сәттен бастап осы кезге дейін KASE Қазақстанның биржалық нарығының дамуына және жалпы экономиканың тұрақты дамуына өз үлесін қосуда.

2017 жылы Биржадағы сауда-саттықтың көлемі рекордтық 151,5 трлн теңгені құрап, акциялар нарығының капитализациясы 17 трлн теңгеге жетті, ал Биржада айналыстағы корпоративтік борыштың көлемі 9,2 трлн теңгені құрады. Бүгінгі таңда KASE ресми тізімдерінде 174 эмитенттің бағалы қағаздары бар, ал сауда-саттыққа қолжетімді қаржы құралдарының жалпы саны 804 жетті. KASE Индексі, 9 жылдық максимумды жаңартып, 2016 жылы 58 %-ға, ал 2017 жылы – 59 %-ға артып, тез өсіп келе жатқан өор индекстердің дүниежүзілік ТОП-3 кірді.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады.

2015 жылы KASE БҰҰ "Тұрақты қор биржалары" Бастамасына қосылды. KASE ТМД елдері арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша екінші орында, ал FEAS биржаларының акциялар нарықтарының капитализациясы бойынша алтыншы орында.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz